

«ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫң  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ  
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫң  
САНИТАРИЯЛЫҚ-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ  
ДЕПАРТАМЕНТІ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫң  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО  
КОНТРОЛЯ  
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
КОМИТЕТА САНИТАРНО-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО  
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

### ҚАУЛЫ

14.01.2022 ж.

Ақтөбе қаласы

### ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ПГСВ-2

город Актобе

### «Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирус инфекциясының алдын алу жөніндегі шектеу карантиндік шаралары туралы»

Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі - COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында, сондай-ақ Ақтөбе облысының аумағында қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып (Қазақстан аймақтарындағы эпидемиологиялық жағдай түрлөсінан 2022 жылдың 13 қаңтарындағы бағалау матрицасына сәйкес Ақтөбе облысы қызыл аймақта), «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, 2-тармағының 3) тармақшасын, 104-бабының 2, 3, 4, 7- тармактарын және Қазақстан Республикасы Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 күркүйегіндегі №38, 2021 жылғы 10 күркүйегіндегі №42, 2022 жылғы 13 қаңтарындағы №1 қаулыларын басшылыққа алып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ақтөбе қаласы және Ақтөбе облысының аудан әкімдеріне, аумақтық мемлекеттік органдарға, «Атамекен» өнірлік кәсіпкерлер наратасына, «ҚТЖ – Жұқ тасымалы» акционерлік қоғамы «МК Ақтөбе болімшесі» филиалының директорына, құқық қорғау және арнайы органдарға, ұйымдар мен мекемелер басшыларына, мешіктің барлық нысанындағы кәсіпкерлік субъекттеріне, Ақтөбе облысының тұрғындарына қамтамасыз ету:

1) осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес «Ashyq» жобасына қатыспайтын Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық объектілерінің жұмысына шектеулер мен рұқсаттар олшемшарттарын іске асыруға;

2) осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес «Ashyq» жобасына қатысатын Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық объектілерінің жұмысына шектеулер мен рұқсаттар олшемшарттарын іске асыруға;

3) осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес қауіпсіз «жасыл» мәртебесі бар болған кезде «Ashyq» жобасына қатысатын, Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық объектілерінің жұмысына шектеулер мен рұқсаттар олшемшарттарын іске асыруға;

4) осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес «Ashyq» жобасына қатысатын барлық объектілер үшін келесі жұмыс режимі:

– «Ashyq» жобасына қатысуши объектілер сағат 00.00-ге дейін, «Ashyq» жобасының көшбасшылары – сағат 02.00-ге дейін;

**Сенбі және жексенбі құндері** қызметкерлер мен келушілерде «жасыл мәртебе» болған жағдайда (вакцинациялау; сынамаларды іріктеу сәтінен бастап 7 тәуліктен аспайтын теріс нәтижесі бар ПТР тестің болуы; КВИ-ге карсы вакцинациялауга тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдердің болуы немесе КВИ-мен ауырып жазылған адамдар соңғы 3 ай ішінде) объектілердің **жұмыс істеуіне жол беріледі**;

5) осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес «Ashyq» жобасына қатысатын объектілер үшін қызметкерлер мен келушілерде қауіпсіз «жасыл» мәртебесі бар болған жағдайда (вакцинация, сынама алған кезден бастап 7 тәуліктен аспайтын теріс нәтижесі бар ПТР тест, тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар, ауырып жазылған адамдар соңғы 3 ай ішінде), жұмыс режимі бойынша шектеусіз, **жұмыс және демалыс құндері қызметті жүзеге асыруын қамтамасыз етсін**;

6) «Ashyq» жобасына қатысатын 30 адамға дейін садақаны қоспағанда, ашық ауда және үй- жайлардың ішінде отбасылық, еске алу шараларын қоса алғанда, оның ішінде үйде бұқаралық іс- шараларды өткізуге **тыйым салынады**;

7) **«Ashyq» жобасына қатысуши қарамастан, тыйым салынады:**

- конференциялар, семинарлар, көрмелер, форумдар өткізуге;

- концерт залдарының, театрлардың, филармониялардың қызметіне;

- тұнгі клубтардың қызметіне;

- діни бірлестіктер объектілерінде (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т.б.) ұжымдық іс- шаралар (жұма намаз, діни жоралар және т.б.) өткізуге;

- қоғамдық тамақтану объектілерінде бағандар арқылы қызмет көрсетуге, ән айту және би қызметтерін ұсына отырып, караоке қызметіне (қоғамдық тамақтану бойынша қызметтерді қоспағанда);

- жеке кездесулер өткізуге (вакцинацияланған 10 адамға дейін қоспағанда);

8) қоғамдық тамақтану обьектілерінде бір үстелге келушілер санын 4 адамға дейін **қысқарту** (әр үйлерден);

9) облыстың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету обьектілері мен шұғыл жағдайларды қоспағанда, күндізгі режимде кеңестер (отырыстар) өткізуге тыыйым салуды;

10) халықтың қоғамдық көліктегі байланыстарын азайту мақсатында үйымдар (кәсіпорындар) жұмысының сараланған кестесін енгізуі қарастыру;

11) коммуналдық шаруашылық және тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін обьектілерді қоспағанда, қызметкерлерде COVID-19-ға карсы вакцинациялау жүргізуіне қарамастан, мемлекеттік органдардың (үйымдардың), ұлттық компаниялардың, кәсіпорындардың әкімшілік қызметкерлерінің кемінде 70%-ын қашықтықтан жұмыс нысанына ауыстыру;

12) Ұлттық құрамалар, клубтық командалар үшін спорттық жаттығуларға (30 адамнан артық емес, COVID-19-ға карсы вакцинациялаудың толық курсын алғаны туралы құжаттамалық растау үсынған жағдайда, денемен жана спайтын әдіспен дene қызуын өлшеу, спорт базаларында тұру) рұқсат беруді;

13) спортшылар мен жаттықтырушылар құрамы COVID-19-ға карсы вакцинациялаудың толық курсын алғаны туралы құжаттамалық растау үсынған жағдайда облыстық командаларды дайындау үшін оку-жаттығу жиындарын өткізуге рұқсат беруді;

14) күшеттілген санитариялық-эпидемияға карсы және санитариялық-профилактикалық шараларды сақтай отырып көшедегі азық-түлік саудасының рұқсат етілген түрлерінің жұмысына (оның ішінде тез дайындалатын тамак өнімдерін, пончиктерді, балмұздактарды, алып шығуға арналған кофені, көкөніс шатырларын және т.б. сататын обьектілердің) рұқсат беруді;

15) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының қаулысының 23 қосымшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (оның ішінде ҰҚҚ Шекара қызметінің) және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жеке құрамы арасында COVID-19 таралу қаупін азайту жөніндегі алгоритмді сақтауды;

16) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының қаулысының 12 қосымшасына сәйкес, әуежай, теміржол және автомобиль вокзалдарының жұмыс істеу алгоритмін сақтауды;

17) мынадай үйымдардың/объектілердің:

қызмет көрсетеу жөніндегі объектілердің (халықта қызмет көрсетеу орталықтары (ХҚКО), «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, екінші деңгейдегі банктер, қаржы нарығының объектілері, сактандыру компаниялары, жылжымайтын мұлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, айырбастау пункттері, ломбардтар, сұлулық салондары, шаштараздар, маникюр және педикюр, косметологиялық қызметтерді көрсетеу, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызметтері, химиялық тазалау орындары, кір жуу орындары, фитнес, спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары, СПА және массаж салондары/орталықтары/кабинеттері, моншалар, саunalар, бассейндер, жағажайлар, типографиялық көрсетілетін қызметтер, тігін ательесі, фотосалондар, аяқ киім шеберханалары, гул дүкендері, аяқ киім, киім жөндеу, ұйымдастыру техникасын жөндеу жөніндегі сервис, өзге де объектілер);

халық тұтынатын өнімдердің және тауарлардың көтерме және бөлшек саудасы (сақтау) объектілерінің, оның ішінде базарлардың, сауда үйлерінің, сауда желілерінің, сауда-ойын-сауық орталықтарының, дүкендердің, шағын маркеттердің, супермаркеттердің, гипермаркеттердің;

мәденист және демалыс объектілерінің (музейлер, музей-қорықтар, кітапханалар, концерттік ұйымдар, филармониялар, театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, клубтар, галереялар, көрмелер, цирктер және басқа да мәдени-демалыс ұйымдары);

халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсетеу саласындағы объектілердің (қонақ үйлер, отельдер, хостелдер, мотельдер, жатақханалар, кемпингтер және тағы басқалар);

жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын ұйымдардың, әуежайлардың, теміржол, автомобиль, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсетеу пункттерінің;

білім беру және тәрбиелеу ұйымдарының, оның ішінде білім беру дамыту және түзету орталықтарының (ересектер мен балаларға арналған), оқу-өндірістік комбинаттардың және басқа да мектептен тыс ұйымдардың;

санаторий-курорттық және сауықтыру мақсатындағы объектілердің (санаторийлер, демалыс үйлері/базалары/аймақтары, профилакторийлер, балалардың сауықтыру лагерлері (мектеп жанындағы, қала сыртындағы), туристік базалар және басқалар);

қоғамдық тамактану объектілерінің, оның ішінде ұйымдастырылған ұжымдарда орналаскан, сондай-ақ тамак жеткізуі жүзеге асыратын объектілердің, стрит-фудтардың;

барлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік объектілердің (қарттар, мүгедектер үйлері, сәбилер үйлері және басқалары);

денсаулық сақтау ұйымдарының, оның ішінде зертханалардың;

дәріхана ұйымдарының;

тіршілікті қамтамасыз ету және коммуналдық шаруашылық объектілерінің (сүмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, аумақтарды жинау және қалдықтарды шығару, үй-жайлар мен аумақтарды дезинфекциялық өндөу бойынша ұйымдар, авариялық-құтқару

қызметтері, кондоминиум объектілерінің басшылары (пәтер иелерінің кооперативтері, мұлік иелерінің бірлестіктері және басқалар);

экскурсиялық қызмет көрсететін үйымдардың;

демалыс объектілерінің, ойын-сауық ойын объектілерінің (компьютерлік клубтар, бильярд залдары, боулингтер, ойын-сауық орталықтары/саябақтары, аттракциондар, аквапарктер, караоке, лотерея клубтары және лотерея билеттерін сату жөніндегі өзге де пункттер/нұктелер және басқалар);

байланыс және телекоммуникация объектілерінің;

өнеркәсіптік кәсіпорындардың, үйымдастырылған үйымдардың;

қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің, күштік күрлымдардың, мемлекеттік органдардың COVID-19-га қарсы вакцинациялауды алмаган (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) жұмыскерлердің күндізгі режимде жұмысқа жіберуді шектеуді;

18) осы қаулының 1 тармағының 17 тармақшасында көрсетілген үйымдардың вакцинацияланбаган жұмыскерлері (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) үшін міндетті түрде ПТР-тестілеуді (7 күнде 1 рет) қамтамасыз етсін.

**2. Ақтобе қаласы және Ақтобе облысының аудан әкімдері, Ақтобе облысының білім басқармасы, меншік нысанына қарамастан кәсіпкерлік субъектілері оқытуды қамтамасыз етсін:**

1) білім беру объектілерінде контингенті **600 оқушыға дейінгі штаттық форматта**;

2) қалалық мектептерде **600 оқушыдан астам-** қашықтықтан оқыту форматында (ауылдық мектептерде 600 оқушыдан астам- штаттық форматта оқыту), бұл ретте мектеп әкімшілігінің шешімі бойынша **1-2 сыйыпта-** штаттық форматта оқыту, **3-5 сыйыпта-** кезекшілік сыйыптар (кашықтықтан оқыту форматы бар жерде);

3) колледждер мен ЖОО-ы студенттері- аралас форматта оқыту (барлық дәрістер онлайн, практикалық, зертханалық, семинарлық сабактар икемді график бойынша штаттық форматта);

4) окуорны әкімшілігінің қалауы бойынша вакцинациялаудың толық курсын аяқтаған студенттер мен оқушыларды штаттық режимде оқытуға жол беріледі;

5) мектепке дейінгі үйымдар- штаттық режимде;

6) мектептен тыс үйымдарда эпидемиологиялық тәуекел аймағына қарамастан жеке сабактар кезінде штаттық режимде, топтық сабактар кезінде – **10 адамға дейін**, мүмкінділігі шектеулі балаларға/ересектерге арналған түзету кабинеттерінде (орталықтарында) **8 адамға дейін** жеке және топтық сабактар откізуғе жол беріледі.

**3. Ақтобе облысының тұрғындарына:**

1) респираторлық инфекцияның алғашқы симптомдары (құргақ жөтел, жогары температура, тыныс алуудың қындауы, ентігу және т. б.) пайда

болған кезде 103 нөмірі бойынша жедел жәрдем шақыру жолымен медициналық ұйымдарга бармай-ак, үйде медициналық көмекке деру жүгіну;

2) қоғамдық тамақтану орындарында әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып тамақ ішкен жағдайда және бес жасқа дейінгі балаларды қоспағанда, қоғамдық орындарда, халықтың келуіне, қызмет көрсетуіне және демалуына арналған үй-жайларда, қоғамдық колікте (оның ішінде таксиде), қоғамдық орындарындағы ашық ауада болған кезде барлық адамдарға медициналық немесе мата бетперделерін міндетті түрде тағу.

**4. Ақтөбе қаласы және Ақтөбе облысының аудан әкімдеріне, Ақтөбе облысының полиция департаментіне, Ақтөбе облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқармаларының, Ақтөбе бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшыларына:**

мониторингтік топтарымен объектілер мен қоғамдық коліктерде күндізгі және түнгі уақытта шектеу карантиндік шараларының орындалуына бақылау күшеттілсін.

Бұзушылықтар анықталған жағдайда 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес тиісті әкімшілік шаралар колданылсын.

**5. Ақтөбе облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысына және меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларына:**

1) COVID-19 күдігі бар адамдарды уақыттылы анықтау және оқшаулау үшін барлық денсаулық сақтау объектілерінде сұзгілердің, пациенттердің бүкіл ағынының дene температурасын өлшеуге арналған тепловизорлары бар шлюздердің тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етуді;

2) бейінді мамандардың науқастарды қабылдау кезінде кезектердің туындауына жол бермеу, екпе алу, клиникалық-диагностикалық зерттеулерден өту үшін (шұғыл жағдайлардан басқа пациенттерді алдын ала жазылу бойынша қабылдау), медициналық ұйым басшысының бұйрығымен медициналық ұйымның әрбір қабатында профилактикалық іс - шараларды бақылау және қамтамасыз ету үшін жауапты қызметкерді айқындау, персонал мен пациенттердің лас аймақтан таза аймаққа ауысуын болдырмау;

3) пациенттердің күнделікті ағынын хирургиялық және терапиялық бейіні бойынша болек болу, стационарлардың аймақтарға болінуі мен жұмыс режимін қатаң сақтау, медицина қызметкерлерінің инфекциялық қауіпсіздігін сақтау;

4) меншік түріне қарамастан стационарларда карантинді сақтауды жалғастыру.

**6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сарната орталығы» ШЖҚ РМК Ақтөбе облысы бойынша филиалына:**

- COVID-19 ошактарында қорытынды дезинфекцияны мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәбілдер үйлерінде, балалар үйлерінде, интернат үлгісіндегі оку орындарында жағдайлар тіркелген кезде ҰСО филиалдары жүргізу.

**7. Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы** халықты БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы жаппай хабардар етуді жүргізсін.

**8. Қаулы меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.**

**9. «Ақтөбе облысы бойынша 2021-2022 оқу жылында білім беру үйымдарында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 27 тамызындағы №ПГСВ-34, «Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирус инфекциясының алдын алу жөніндегі шектеу карантиндік шаралары туралы» Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің м.а. 2021 жылғы 24 қазанындағы №ПГСВ-39, «Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирус инфекциясының алдын алу жөніндегі шектеу карантиндік шаралары туралы» Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің м.а. 2021 жылғы 24 қазанындағы №ПГСВ-39 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің м.а. 2022 жылғы 3 қантарындағы №ПГСВ-1 қаулыларының күші жойылды деп танылсын.**

**10. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.**

**11. Осы қаулы 2022 жылдың 16 қантары сағат 00.00-ден бастап күшіне енеді.**

**Ақтөбе облысының  
Бас Мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



R. Қойшанова

**Ақтөбе облысының  
Бас Мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің  
14.01.2022 жылғы  
№ІІГГСВ-2 қаулысының  
1 косымшасы**

**«Ashyq» жобасына қатысайтын, әлеуметтік-экономикалық объектілерінің  
жұмысына шектеулер мен рұқсаттар беру олшемшарттары**

<b>№</b>	<b>Объектілер/ салалар</b>	<b>Шектеу карантиндік шаралар</b>
1.	Өнеркәсіптік объектілері, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс жасайтын, Мемлекеттік органдар мен үйимдардың қызметкерлері (табиги және техногендік сипаттагы тотение жағдайлар түүндеган кезде жұмылдырылған шұғыл қызметтердің қызметкерлерін коснаганда) ПТР әдісімен COVID-19 анықтауга зертханалық тексерудің теріс інтижесі болған кезде немесе COVID-19-га карсы вакцинация алғаны туралы күжаты болған жағдайда вахталық кенттерге кіруді жүзеге асырсын.	Қазақстан Республикасы Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 25, 26 косымшаларындағы талаптарды сактаумен рұқсат етіледі.
2.	Күріліс	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 26 косымшасының талаптарын сактаған жағдайда тұрмыстық үй-жайларда байланыс болмаган жағдайда рұқсат етіледі.
3.	Ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы	Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 15 косымшасының талаптарын сактаған жағдайда рұқсат етіледі.

4.	Байланыссыз қызметтер (техникалық қызмет корсету станциялары, автожуу, шиномонтаж, вулканизация, автомобилльдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киймді жондеу, тігін ательесі, кір жуу, химиялық тазалау, типографиялық қызметтер, кілттерді дайындау, тұрмыстық үй қагидаты бойынша қызметтер және т. б.)	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 6, 7, 10 қосымшаларының талаптарын сактаған жағдайда рұқсат етіледі.
5.	Туристік компаниялар, бизнес орталықтары (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызметтері, жылжымайтын мүлік агенттіктері, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 1 қосымшасының талаптарын сактаған жағдайда рұқсат етіледі.
6.	Гүл дүкендері, фотосалондар	бетнерде тәртібін, әлеуметтік қашықтықты сактау және антисептиктерді пайдалану кезінде рұқсат етіледі
7.	Медициналық үйімдар, дәріханалар	кушеттілген санитариялық-эпидемияга карсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сактай отырып рұқсат етіледі.
8.	Медициналық орталықтар, кабинеттер, тіс емханасы	алдын- ала жазылумен рұқсат етіледі.
9.	Мұражайлар, кітапханалар	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 9 қосымшасының талаптарын сактаған жағдайда рұқсат етіледі.
10.	Азық-тұлік дүкендері, шағын маркеттер, супермаркеттер, гипермаркеттер	Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 5 қосымшасының талаптарын сактаған жағдайда рұқсат етіледі.
11.	Сүлүлық салондары, шаптараздар және косметологиялық қызмет	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 7 қосымшасындағы

	көрсететін объектілері	талантарды сактай отырып, алдын ала жазылу бойынша рұқсат етіледі.
12.	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы үйымдар (конак үйлер, отельдер, санаторий-курорттық үйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 11 және 17 косымшаларының талантарын сактай отырып, толтырылуы 80%-дан аспаған кезде жұмыс істеуге рұқсат етіледі.
13.	Азық базарлар (азық-тұлік, мал, азық-тұлік емес)	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 5 косымшасындағы талантарды сактай отырып, <b>жұмыс күндері</b> жұмыс істеуіне рұқсат етіледі, <b>сенбі және жексенбі күндері жұмыс істеуіне тыйым салынады</b> .
14.	Жабық базарлар (азық-тұлік және азық-тұлік емес)	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 5 косымшасындағы талантарды сактай отырып, <b>жұмыс күндері жұмыс істеуіне рұқсат етіледі</b> (балалар ойын алаңдары мен аттракциондардың қызметтеріне тыйым салынады), <b>сенбі және жексенбі күндері жұмыс істеуіне тыйым салынады</b> .
15.	Қоғамдық колік	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 14 косымшасының талантарын сактай отырып, кептеліс уақытында қоғамдық коліктің желіге барынша коп шығуы, отыратын орындардың саны бойынша қоғамдық коліктің толтырылуы, барлық есіктерді ашу рұқсат етіледі.
16.	Облысаралық және калалық тұракты емес (туристік) тасымалдар	тыйым салынады
17.	Қалааралық/облысаралық тұракты автобустардың (шагын автобустардың) козгалысы	тыйым салынады

18.	Банктер, ХҚҚО, «Қазпочта» АҚ, болімшелері	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 1 косымшасының талаптарын сактай отырыш рұқсат етіледі.
19.	Діни обьектілері	<b>жабық үй- жайда ұжымдық іс-шараларды откізбей,</b> Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 19 косымшасының талаптарын сактай отырыш рұқсат етіледі.
20.	Мейрамхана, дәмхана және кофехана типі бойынша қоғамдық тамактану обьектілері (үй-жайда)	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 20 және 21 косымшаларының талаптарын сактай отырыш, сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін, толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай жұмыс істеуіне рұқсат етіледі. Тамакты жеткізу мен шыгару штаттық режимде. Ұжымдық, салтанатты, отбасылық, естелік (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, садақа және т.б.) және басқа да бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және откізуге қатаң тыбым салынады.
21.	Асханалар типі бойынша алкогольдік ішімдіктерді сатпай қоғамдық тамактану обьектілері, ұйымдастырылған ұжымдардағы асханаларды қоспағанда	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 20 және 21 косымшаларының талаптарын сактай отырыш, сағат 07.00-ден 24.00-ге дейін жұмыс істеуіне рұқсат етіледі. Тамакты жеткізу мен шыгару штаттық режимде. Ұжымдық, салтанатты, отбасылық, естелік (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, садақа және т.б.) және басқа да бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және откізуге қатаң тыбым салынады.
22.	Стрит-фуд (жеке тұрған шатыр/ларек/отыратын орны жоқ дүңгірешек)	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 20 және 21 косымшаларының

		талантарын сактай отырыш рұқсат етіледі.
23.	Банкет залдары (мейрамханалар және дәмхана типі бойынша келушілерге қызмет көрсету және садака өткізу)	тыйым салынады
24.	Азық-түлік емес тауарлардың барлық түрлерін сататын дүкендер	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 5 қосымшасының талантарын сактай отырыш <b>жұмыс және сенбі күндері</b> жұмыс істеуіне рұқсат етіледі, <b>жексенбі күндері жұмыс істеуіне тыйым салынады.</b>
25.	СИА-орталықтар	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 16 қосымшасының талантарын сактай отырыш, <b>жұмыс күндері жұмыс істеуіне рұқсат етіледі, сенбі және жексенбі күндері жұмыс істеуіне тыйым салынады.</b>
26.	Компьютерлік клубтар, оның ішінде PlayStation клубтары (12 жасқа дейінгі адамдарды қоспағанда)	тыйым салынады
27.	Жолаушылар пойыздарының /электр пойыздарының қозғалысы	жалпы вагондарсыз
28.	Жолаушылар поездарының қозғалысы	жалпы вагондарсыз
29.	Боулинг клубтары	тыйым салынады
30.	Мәдениет обьектілері (дайындық)	тыйым салынады
31.	Бильярд	тыйым салынады
32.	Көрермендермен спорттық іс-шараларды өткізу	тыйым салынады
33.	Балалар ойын-сауық орталықтары (жабық үй-жайлардагы ойын алаңдары мен аттракциондар, батуттар)	тыйым салынады
34.	Түнгі және ойын клубтары, букмекер кеңселері, лоторея клубтары	тыйым салынады

**Ақтөбе облысының  
Бас Мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің  
14.01.2022 жылғы  
№ПГГСВ-2 қаулысының  
2 косымшасы**

**«Ashyq» жобасына қатысатын, әлеуметтік-экономикалық объектілерінің жұмысына  
шектеулер мен рұқсаттар беру ошешемшарттары**

<b>№</b>	<b>Объектілер/ салалар</b>	<b>Қызыл аймак</b>
1.	Мейрамхана, дәмхана және кофехана типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	толтырылуы 50%-га дейін, бірақ 50 орыннан асырмай рұқсат етіледі
2.	Алкогольдік ішімдіктерді саптайтын асханалар тиіндегі қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	руқсат етіледі
3.	Банкет залдары (садақа откізу үшін)	толтырылуы 30%-дан артық емес, бір адамға кемінде 4 ш.м. алаңмен қамтамасыз етілген жағдайда, бірақ 30 адамнан асырмай рұқсат етіледі.
4.	Банкет залдары (мейрамханалар және дәмхана типі бойынша келушілерге кызмет корсету)	толтырылуы 50%-га дейін, бірақ 50 орыннан асырмай рұқсат етіледі
5.	СПА-орталықтар	руқсат етіледі
6.	Мәдениет объектілері (дайындық)	30 адамға дейін, сондай-ақ еки компонентпен вакцинацияланған адамдарға рұқсат етіледі
7.	Облысаралық, қалалық тұракты емес (туристік) тасымалдар	толтырылуы 75%-га асырмай, бірақ 15 адамнан асырмай рұқсат етіледі
8.	Облысаралық және облысінілік тұракты тасымалдар	руқсат етіледі
9.	Бильярд	толтырылуы 30%-дан артық емес болған жағдайда рұқсат етіледі
10.	Компьютерлік клубтар, PlayStation клубтарын қоса алғанда	толтырылуы 30%-дан артық емес болған жағдайда, 12 жасқа толған және одан асқан адамдарға ғана рұқсат етіледі
11.	Боулинг	толтырылуы 30%-дан артық емес болған жағдайда рұқсат етіледі
12.	Ерікті қатысушылар (киноиндустрия, үйымдар, кенселер және басқалар)	женілдіксіз
13.	Лотерея клубтар және лотерея сататын озге де орындары	бір адамға кемінде 4 ш.м. алаң қамтамасыз ету кезінде, бірақ 30 адамнан асырмай рұқсат

		стіледі
14.	Алаңы 1000 ш.м-ге дейін коса алғанда болатын балалардың (жабық) ойын-сауық орталықтары	бір адамга кемінде 10 ш.м. алаң қамтамасыз ету кезінде, бірақ 30 адамнан асырмай рұқсат етіледі
15.	Алаңы 1000 ш.м-ден астам болатын балалардың (жабық) ойын-сауық орталықтары	бір адамга кемінде 10 ш.м. алаң қамтамасыз ету кезінде, бірақ 60 адамнан асырмай рұқсат етіледі
16.	Отельдер, конак үйлер	руқсат етіледі
17.	Автомобиль вокзалы, автостанция	руқсат етіледі
18.	ХҚО	руқсат етіледі
19.	Сауда алаңы 100 ш.м-ге дейінгі коса алғанда (азық-түлік емес) сауда желілері	руқсат етіледі
20.	Базарлар (жабық)	руқсат етіледі
21.	Букмекерлік конторалар	бір адамга кемінде 4 ш.м. алаң қамтамасыз ету кезінде, бірақ 30 адамнан асырмай рұқсат етіледі
22.	Сүлүлік орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр мен педикюр қызметтерін көрсету, косметикалық және косметологиялық қызметтер көрсету салондары (жазылу бойынша)	алдын ала жазылу бойынша
23.	Банктер, «Қазпочта» АҚ болімшелері	руқсат етіледі

**Ақтөбе облысының  
Бас Мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің  
14.01.2022 жылның  
№ПГСВ-2 қауысының  
З қосымшасы**

**«Ashyq» жобасына қатысатын, қауіпсіз «жасыл» мәртебесі бар болған кезде  
әлеуметтік-экономикалық объектілерінің жұмысына шектеулер мен рұқсаттар беру  
олшемшарттары**

<b>№</b>	<b>Объектілер/ салалар</b>	<b>Қызыл аймақ</b>
1.	Марафондар (апық аудада)	500 адамнан артық емес болған жағдайда рұқсат етіледі
2.	Көрермендер катысатын спорттық іс-шаралар	толтырылуы 50%-дан артық емес болған жағдайда рұқсат етіледі
3.	Спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары (жаттыгулар)	толтырылуы 20%-дан артық емес болған жағдайда рұқсат етіледі
4.	Кинотеатрлар	толтырылуы 30%-дан артық емес болған жағдайда рұқсат етіледі
5.	Компьютерлік клубтар, PlayStation клубтарын қоса алғанда	толтырылуы 50%-дан артық емес болған жағдайда рұқсат етіледі
6.	Діни объектілер (жабық үй-жайларда үжымдық құдайға құлпылық ету)	руқсат етіледі
7.	Сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, сауда алаңы 100 ш.м.-ден асатын (азық-түлік емес) сауда желілері	руқсат етіледі
8.	Сауда алаңы 6000 ш.м.-ден асатын (азық-түлік) сауда желілері	руқсат етіледі
9.	Сауна, монша	руқсат етіледі
10.	Бассейн	руқсат етіледі
11.	Спорттық-сауықтыру орталықтары және фитнес- орталықтар, йога орталықтары	руқсат етіледі